«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторант Ж.Т. Қарашеваның «Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету» тақырыбына жазылған диссертациясына отандық ғылыми кеңесші з.ғ.к., доцент А.Б. Омарованың

Пікірі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Ж.Т.Қарашева жүргізген диссертациялық зерттеуінде «Ақылы қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету» тақырыбының өзекті мәселелеріне арналған. Ақылы қызмет көрсету шарты азаматтық құқықта қолданылатын шарттардың ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады.

Белгіленген тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда азаматтық-құқықтық және еңбек келісім-шарттары шеңберінде қарастырылатын құқықтық қатынастардың ұлғаюының кең тараған тенденцияларына байланысты. Заманауи елімізде экономиканың өсуіне байланысты ақылы қызмет көрсету нысаны көп пайдалануда. Заң әдебиеттерінде «қызмет» термині көп кездестіреміз. Қызмет терминін талқылауға алсақ, бір тарап екінші тарапқа белгілі бір әрекеттер арқылы пайда келтіру деп қарастырады.Қазіргі экономикада ең жылдам дамып келе жатқан және перспективалы салалардың бірі қызмет көрсету саласы болып табылады. Өтелмелі қызмет көрсету шартын жалпы құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 683-687-баптарында жүзеге асырылады.

Зерттеу объектісі ақылы қызмет көрсетуге қатысты азаматтық-құқықтық қатынастар және еңбек қатынастары болды.

Зерттеу пәніне «қызмет» және «нәтиже» анықтамасының мәні, ақылы қызмет көрсету институтының тарихи дамуы, осы құқықтық қатынастарын Қазақстан Республикасының заңнамасымен құқықтық реттеудің айрықша белгілері сияқты категориялар кірді, атап айтқанда, азаматтық заңнаманың нормативтік-құқықтық базасы және арнайы құқық нормалары, ғалымдардың монографиялары, диссертациялары, отандық және шетелдік публицисттердің ғылыми мақалалары, сот тәжірибесінің материалдары болып табылады.

Бұл диссертациялық зерттеуде келесі мәселелерді шешті: біріншіден, ақылы қызмет көрсетудің тарихи эволюциясын анықтады; екіншіден, қызмет көрсетудің шартының жекелеген түрлерін заңнамалық реттеу ерекшеліктерін қарастырды; үшіншіден, ақылы қызметтерді электронды нысанда жасау ерекшеліктерін қарастырды және сонымен қатар, цифрлық қызметтердің құрылымдарын реттеп берді.

Қазіргі таңдағы мәселе, біріншіден, бүгінде медициналық, туризм және білім беру қызметтеріне келісім-шарттар сияқты құрылымдарымен адамдар үнемі кездеседі.

Екіншіден, ақылы қызмет көрсету шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына жақында ғана енгізілді, бұл өз кезегінде құқықтық дауларда құқықтық қайшылықтарға алып келеді.

Зерттеудің жаңалығы отандық және шетелдік заңнаманың қайнар көздеріне талдау жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасы 2020 жылы онлайн форматқа көшті.Көп құжаттар нысаны электрондық, цифрлық жүйесіне енді.Электронды және цифрлық қызмет көрсетудің ерекшеліктерін диссертацияда тиісті көлемінде жақсы ашты.Сондықтан біздің мемлекетке цифрлық жүйеден көрі электронды нысанын пайдаланған жөн. Бұл тақырып әлі де өз жаңалығын ашады деп ойлаймыз, себебі жасанды интеллект даму үстінде осыған орай электронды шарт нысанында еңгізілуі мүмкін.

Диссертацияда ақылды келісім шарт мәселесі қарастырылды,оған еңгізілетін параметрлердің талаптары автоматты түрде орындалуын қарастырды.Ақылды келісім шарттың мазмұнын, жауапкершіліктерін реттеген кезде стандартқа сәйкес жасалуы тиіс. Сонымен қатар, сот тараптардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда «ақылды келісімшарттың» орындалу нәтижелерінің күшін жою немесе өзгерту мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Ж.Т. Қарашеваның «Өтелмелі қызмет көрсету шартын құқықтық қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациясы белгіленген талаптарға сәйкес жоғары деңгейде жазылған және сапалы орындалған ғылыми жұмыс ретінде бағаланатынын атап өткім келеді, «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға диссертациялық жұмысты жолдау орынды деп санаймын.

Пікір беруші:
Азаматтық құқық,
азаматтық іс жүргізу және
еңбек құқығы кафедрасының
з.ғ.к.,доцент Омарова А.Б.

Кадрлық әкімшілік бөлімі
Отдел кадрового администрирования